


Талапкер, білім алушы үшін
жатақханадан орын беруге өтініш беру бойынша
НҰСҚАУЛЫҚ

"Platonus" ААЖ жүйесіндегі жеке кабинетіңізді ашу керек
(<https://platonus.kazatu.kz>)

1. Өтініш беру


1.1. Жатақханадан орын беруге өтініш беру үшін "Platonus" жүйесінен:
«Жатақхана» бөлімінің «Өтініш беру» пунктін ашасыз.



Сурет-1

1-қадам. Өтініш берер алдында жатақхананы жалға алу ережелерімен танысу керек. Ол үшін ашылған өтініш беру парақшасынан «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КЕАҚ-да білім алушыларға жатақхана беру тәртібі туралы ережесі» сілтемесіне басу қажет.

2-қадам. Ережелермен танысқаннан кейін, өтінішті жасақтау үшін сол беттегі «Құру-Создать» батырмасын басу керек (Сурет-2).



Сурет-2

3-қадам. Ашылған беттен «Жатақханадан орын беруге өтініш» деген құжат түрін таңдап, байланыс телефонының нөмірін толтырып, өтініштің мәтінін енгізіп және «Сақтау» батырмасын басасыз (3-сурет). Осыдан кейін жүйе өтінішті сәтті сақтау туралы хабарламаны көрсетеді және қажетті құжаттарды тіркеуге мүмкіндік береді.

Өтініш

Түрі: Жатақханада орын алуға өтініш

Байланыс телефоны (моб.): +7 (XXXX) XXXXXXXX

Жатақханада орын қимтамасыз ету үшін арналған өтініш себебі:

Келу аймағы:

Тегі А.Ә:

Жасы: 17

Жынысы: ер

Ұлты: Қазақтар

Отбасы жағдайы: Бойды/Турымысқа шақпаған

Білім алушының статусы: Талапкер

Мекенжай: Проспект Шакарима Қудайбердіұлы 72/1

Факультет: Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру

Мамандық/білім беру бағдарламаларының тобы: 8057 Ақпараттық технологиялар

Білім беру бағдарламасы: 6B06101 Бағдарламалық инженерия

Курс: 0

Топ:

Академиялық дәреже: Бакалавр

Балімше: Күндізгі

Жеңілдік:

Сурет-3

4-қадам. Ашылған беттің төменгі жағындағы «қоса берілген құжаттарды белгілеу» бөлімінен құжаттарды жүктейсіз(ескерту: қажет болған жағдайда).

5-қадам. Өтінішке қоса тіркейтін құжаттардың жанына белгі қоясыз.

6-қадам. «Файлды жүктеу» батырмасын басу арқылы құжаттардың сканерленген нұсқасын жүктейсіз (4-сурет).

Қосып жіберетін құжаттарды белгілеңіз

Отбасы құрамы туралы ақпарат

Қандық мәртебесін растайтын куәлік

Отбасында 4 немесе одан да көп бала бар екендігі туралы ақпарат (көп балалы отбасылардан шыққан балаларға арналған)

Мүгедектікті растайтын куәлік

Жеке куәлік

Ата-ананың екеуі немесе біреуі қайтыс болғаны жайындағы куәлігі немесе балалар үйінен анықсана

Құжатының деректері мен құжаттардың дұрыстығын растайтын. Жатақханада тұру қағидалары мен шарттарымен, сондай-ақ тұру ақысын төлеу тәртібімен және мерзімдерімен таныстым және келісемін

Сайтау Өтінім беру

Сурет-4

7-қадам. «Мен ұсынған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растаймын. Жатақханада тұру ережелерімен және шарттарымен, сондай-ақ, тұру ақысын төлеу тәртібімен және мерзімдерімен таныстым және келісемін" деген жолға белгі қоясыз.

8-қадам. Осыдан кейін «Өтінім беру» батырмасын басасыз.

9-қадам. Ашылған тілқатысу терезесінде өтінішті өңдеуге жіберу әрекетін растайсыз. Жүйе сізге «Жатақханаға орын беру туралы өтініш тексеруге жіберілді» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді.

10-қадам. Беттің жоғарғы жағындағы «Артқа» сілтемесін басу арқылы өтініш беру бетіне ораласыз..

БАСТЫ БЕТ > Өтініштер

ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ЕРЕЖЕ-ШАРТТАРЫ Жасау

Түрі: Барлығы

Статус: Барлығы

Табылған жазбалар: 1

ТОЛЫҚ АТАУЫ	ТҮРІ	ЖІБЕРУ КҮНІ	ТЕКСЕРІЛГЕН КҮН	СТАТУС
Жатақханада орын алуға өтініш		апр 15, 2022	апр 15, 2022	Бекітілді

Сурет- 5

«Мәртебе-статус» бағанынан талапкер/білім алушы өз өтінішінің қабылдануын бақылай алады.

Өтінішке «Мақұлданды» мәртебесі пайда болған кезде, білім алушы «Жатақхана беру туралы жолдама» файлын жүктеп алу керек (5-сурет).